

А. Бауржан^{*1} , С.К. Қабылтаева² , К.Б. Болатова¹ 

¹ *Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан;*

² *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*
(Email: turdinaaigerim077@mail.ru; kabyltayeva_sk@enu.kz; kalamkas_17_81@mail.ru.)

Тарихи білім берудегі азаматтық құндылықтар: батыстық тұжырымдамалардың теориялық-әдіснамалық талдауы

Мақала тарихи білім беру жүйесіндегі азаматтық құндылықтарды түсіндіруге арналған шетелдік теориялық-әдіснамалық тәсілдерді талдауға арналған. Зерттеудің өзектілігі жаһандану, мәдени плюрализм және қазіргі қоғамдағы азаматтық модельдердің трансформациясы жағдайында білім беру тәжірибелеріндегі құндылықтық құрамдастың маңыздылығының артуымен айқындалады. Осы тұрғыда тарихи білім беру тек өткен туралы білімді жеткізетін пән ретінде ғана емес, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға, әлеуметтік тәжірибеге сыни көзқарас дамытуға және қоғамдық өмірге саналы түрде қатысуға қабілетті тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған кеңістік ретінде қарастырылады. Мақалада азаматтық құндылықтар тарихи білім берудің маңызды категориясы ретінде қарастырылатын шетелдік ғылыми дәстүрдегі негізгі теориялық бағыттар талданған. Атап айтқанда, тарихи білім, азаматтық тәрбие және білім беру практикасының арақатынасын әртүрлі қырынан түсіндіретін либералдық-демократиялық, республикалық, сыни-теориялық, мультимәдени және құзыреттілікке негізделген модельдер қамтылады. Азаматтық құндылықтарды қалыптастырудағы нормативтік және сыни тәсілдердің айырмашылықтарына, сондай-ақ оларды тарихты оқыту мазмұны мен әдістеріне енгізудің тұжырымдамалық жолдарына ерекше назар аударылған. Зерттеу нәтижелері қазіргі шетелдік теорияларда алдын ала қатаң бекітілген құндылықтық ұстанымдардан бас тартып, тарихи ойлау, рефлексия, өткенді интерпретациялау қабілеті және қоғамдық пікірталасқа қатысу дағдыларын дамытуға бағытталған үрдістің күшейіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл тұрғыда азаматтық құндылықтар дайын нормалар жиынтығы ретінде емес, білім алушылардың тарихи нарративтермен, дереккөздермен және әлеуметтік контекстермен саналы әрі сыни өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасатын құбылыс ретінде түсіндіріледі. Мақалада азаматтық құндылықтардың тарихи білім беруде мазмұндық мақсаттан гөрі, оқу курстарының құрылымын, мазмұнын іріктеу және педагогикалық стратегияларды айқындайтын әдіснамалық бағдар ретіндегі рөлі негізделеді. Сонымен қатар шетелдік тәжірибені сыни тұрғыдан пайымдаудың және оны ұлттық білім беру жағдайларына бейімдеудің маңыздылығы тарихи білімнің идеологиялану қаупін ескере отырып айқындалады.

Кілт сөздер: тарихи білім беру, азаматтық құндылықтар, азаматтық сана, тарихи ойлау, азаматтық тәрбие, тарихи сана, демократиялық білім беру, сыни тәсілдер, шетелдік тәсілдер.

Kipicne

Қазіргі қоғамға тән терең әлеуметтік, саяси және мәдени өзгерістер жағдайында білім берудің құндылықтық өлшеміне, әсіресе тарихи білімнің азаматтық сананы қалыптастырудағы рөліне деген ғылыми қызығушылық артып отыр. Жаһандану үдерістері, мәдени және дүниетанымдық көптүрліліктің кеңеюі, көші-қон ағындарының күшеюі және цифрлық қоғамдық кеңістіктің дамуы тарихи жадының қалыптасу тәсілдері мен азаматтық бірегейлікті ұғыну формаларын елеулі түрде өзгертуде. Осы жағдайда тарих тек өткен туралы білім беруге бағытталған академиялық пән ретінде ғана емес, азаматтық, жауапкершілік және саяси қауымдастыққа қатыстылық туралы түсініктер қалыптасатын қоғамдық диалог алаңы ретінде қарастырылады. Тарихи білім беру контексіндегі азаматтық құндылықтар мәселесінің өзектілігі азаматтықтың өзін түсінудегі тұжырымдамалық өзгерістермен байланысты. Шетелдік ғылыми ойда азаматтық тәрбиенің дәстүрлі үлгісінен — яғни бекітілген нормалар жиынтығын меңгертуге және мемлекетке адалдыққа негізделген көзқарастан — біртіндеп бас тарту үрдісі байқалады. Оның орнына сыни ойлауды дамытуға, тарихи тәжірибені интерпретациялау қабілетіне және демократиялық дискурсқа қатысуға бағытталған тұжырымдамалар алдыңғы қатарға шығуда. Осы тұрғыда тарихи білім беру күрделі әрі қайшылықты өткенді ұғынуға, оны қазіргі әлеуметтік шындықпен байланыстыруға және қоғамдық өмірге саналы түрде қатысуға қабілетті белсенді азаматты қалыптастырудың маңызды тетігі ретінде айқындалады.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: turdinaaigerim077@mail.ru

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, тарихи білім беруде азаматтық құндылықтарды ұғындыруға арналған шетелдік теориялық тәсілдерді зерттеудің қажеттілігін бірнеше факторлармен айқындауға болады:

– біріншіден, бұл мәселе халықаралық тарихи, педагогикалық және философиялық білім беру ғылымында жүйелі түрде және терең теориялық деңгейде зерделенген,

– екіншіден, шетелдік модельдер азаматтық құндылықтарды тарихи білім мазмұнына енгізудің әртүрлі тұжырымдамалық жолдарын — нормативтік бағытталған тәсілдерден бастап сыни және постұлттық көзқарастарға дейін ұсынады;

– үшіншіден, халықаралық тәжірибені талдау ұлттық білім беру жүйелерін салыстырмалы тұрғыда қайта ойластыруға және тарихи білім беру саласындағы әдіснамалық оқшаулануды еңсеруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты — тарихи білім беру жүйесінде азаматтық құндылықтарды түсіндірудің шетелдік теориялық тәсілдерін талдау, олардың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау. Осылайша, шетелдік теориялық тәсілдерге жүгіну азаматтық құндылықтарды өзгермейтін нормалар жиынтығы ретінде емес, білім алушылардың тарихи нарративтермен, дереккөздермен және әлеуметтік контекстермен өзара әрекеттесуі барысында қалыптасатын динамикалық категория ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл тарихи білім мен азаматтық құндылықтар мәселесіне тек қолданбалы емес, сонымен қатар педагогика, тарихи таным теориясы және білім философиясы салаларындағы қазіргі ғылыми зерттеулер үшін дербес теориялық мән береді.

Материалдар және әдістері

Мақаланың материалдар корпусын тарихи білім беру теориясының қалыптасуы мен эволюциясын, сондай-ақ азаматтық құндылықтарды ұғынудың классикалық және қазіргі тәсілдерін қамтиды. Атап айтқанда, материалдардың бірінші тобын азаматтық құндылықтар мен білім берудің қоғамдық функциясын негіздейтін классикалық еңбектер құрайды. Бұл топқа ХХ ғ. басы мен ортасында жарық көрген, білім беруді демократиялық қоғамның іргелі институты ретінде түсіндіретін және тарихи білімнің азаматтық әлеуетін алғаш теориялық тұрғыда негіздеген еңбектер кіреді. Аталған дереккөздер тарихи білім берудің бастапқыда азаматтық тәрбиенің нормативтік құралы ретінде қарастырылғанын көрсету үшін пайдаланылды.

Материалдардың екінші тобын интерпретативтік, мәдени және сыни теориялық бағыттағы еңбектер құрайды. Бұл топтағы дереккөздер ХХ ғ. екінші жартысында тарихи білім берудің мазмұны мен функцияларын қайта пайымдауға ықпал еткен зерттеулерді қамтиды. Аталған еңбектерде тарихты оқыту оқушының ойлау қабілетін дамыту, тарихи сананы қалыптастыру және қоғамдық дискурста қатысу дағдыларын жетілдіру құралы ретінде қарастырылады.

Материалдардың үшінші тобын мультимәдени және постұлттық бағыттағы заманауи зерттеулер құрайды. Бұл дереккөздер тарихи білім берудің азаматтық өлшемін мәдени әртүрлілік, плюралистік қоғам және жаһандану жағдайында қарастырады. Бұл материалдар азаматтық құндылықтардың ұлттық бірегейлікпен ғана шектелмейтінін, керісінше әртүрлі әлеуметтік және мәдени тәжірибелерді қамтитын көпмәнді құрылым екенін көрсетеді.

Сонымен қатар зерттеу материалдарына халықаралық ұйымдардың тұжырымдамалық және нормативтік құжаттары енгізілді. Бұл құжаттар азаматтық құндылықтардың қазіргі білім беру саясатында қалай түсіндірілетінін, тарихи білім берумен қандай қағидаттар арқылы байланыстырылатынын және азаматтықтың жаһандық өлшемінің қалай негізделетінін көрсету үшін қолданылды.

Зерттеу жұмысы тарихи білім беру мен азаматтық құндылықтар арасындағы байланысты теориялық тұрғыда пайымдауға бағытталғандықтан, мақаланың әдіснамалық негізі сапалық және теориялық талдау тәсілдеріне сүйенеді. Зерттеудің негізгі әдістерінің бірі — тарихнамалық талдау әдісі. Бұл әдіс тарихи білім беру мен азаматтық құндылықтар мәселесінің ғылыми әдебиеттегі қалыптасу және даму кезеңдерін айқындау мақсатында қолданылды. Аталған әдіс арқылы азаматтық құндылықтардың тарихи білім беру контекстінде әртүрлі кезеңдерде қалай түсіндірілгені, қандай теориялық өзгерістерге ұшырағаны және қандай парадигмалық ауысулар орын алғаны анықталды. Әртүрлі теориялық бағыттарда ұсынылған азаматтық құндылықтар мен тарихи білім беру модельдерін салыстыру арқылы олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау барысында теориялық-салыстырмалы талдау әдісі пайдаланылды.

Мақалада «азаматтық құндылықтар», «тарихи білім беру», «тарихи ойлау», «тарихи сана» сияқты негізгі ұғымдардың мазмұнын нақтылау және олардың өзара байланысын анықтау мақсатында пайдаланылды және ұғымдық-аналитикалық әдісі қолданылды. Білім беру теорияларында ұсынылған мәтіндер мен тұжырымдамаларды олардың әлеуметтік, мәдени және тарихи контекстінде қарастыру барысында интерпретативтік әдіс қолданылды.

Халықаралық ұйымдардың білім беру саласындағы тұжырымдамалық құжаттарын зерттеу үшін құжаттық және нормативтік талдау әдістері пайдаланылды. Бұл әдістер азаматтық құндылықтардың қазіргі білім беру саясатында қалай институционалданатынын, тарихи білім берумен қандай қағидаттар арқылы байланыстырылатынын және теориялық идеялардың практикалық деңгейде қалай іске асырылатынын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелері

Зерттеудің нәтижесінде «азаматтық құндылықтар», «тарихи білім беру», «тарихи ойлау» және «тарихи сана» ұғымдары қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда өзара тығыз байланысқанымен, мазмұны мен функциялары жағынан дербес категориялар екені анықталды және бұл ұғымдардың өзара байланысы тарихи білім берудің азаматтық әлеуетін түсіндірудің теориялық негізін құрайтындығы дәлелденді.

Атап айтқанда, азаматтық құндылықтар демократиялық қоғам жағдайында жеке тұлғаның қоғаммен және саяси қауымдастықпен өзара әрекеттесуін айқындайтын құндылықтық бағдарлар жүйесін білдіреді. Қазіргі ғылыми еңбектерде азаматтық құндылықтар заңға бағыну немесе мемлекетке адалдық сияқты тар мағынамен шектелмей, қоғамдық жауапкершілік, әлеуметтік әділеттілік, адам құқықтарын құрметтеу, плюрализмді мойындау және қоғамдық диалогқа қатысу қабілеттерімен ұштасатын күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде түсіндіріледі [1]. Маңыздысы, азаматтық құндылықтар өзгермейтін моральдық нормалар жиынтығы ретінде емес, тарихи және әлеуметтік тәжірибе барысында қалыптасатын динамикалық құрылым ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда олар тұлғаның өткенді, қазіргі әлеуметтік шындықты және болашақтағы қоғамдық таңдауларды пайымдау қабілетімен тікелей байланысты.

Тарихи білім беру — өткен туралы фактілер мен оқиғаларды түсіндірумен ғана шектелмейтін, тарихи танымның әдістерін, интерпретация логикасын және тарихи уақытты түсіну қабілетін қалыптастыруға бағытталған білім беру саласы. Қазіргі педагогикалық теорияларда тарихи білім беру азаматтық құндылықтарды тікелей трансляциялайтын идеологиялық құрал ретінде емес, оларды қалыптастыруға жағдай жасайтын интеллектуалдық және рефлексивтік кеңістік ретінде қарастырылады [2]. Яғни, біздің ойымызша, тарихи білім беру үдерісі арқылы білім алушылар тарихи тәжірибенің күрделілігін, әлеуметтік қақтығыстардың себептерін және билік пен қоғам арасындағы қатынастардың тарихи өзгермелілігін түсінуге мүмкіндік алады.

Тарихи ойлау — бұл тарихи білім берудің әдіснамалық өзегін құрайды. Ол тарихи дереккөздерді сыни талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, тарихи интерпретациялардың көптүрлілігін түсіну және тарихи құбылыстарды уақыт пен контекст тұрғысынан бағалау сияқты танымдық дағдылар жиынтығын қамтиды [3]. Атап айтқанда, тарихи ойлау өткенді «дайын ақиқат» ретінде қабылдаудан бас тартып, тарихи білімнің шартты және интерпретативтік сипатын түсінуге бағыттайды. Бұл қабілеттер азаматтың қоғамдық және саяси мәселелерге қатысты саналы көзқарас қалыптастыруының когнитивтік негізін құрайды.

Тарихи сана — тұлғаның өткен, қазіргі және болашақ арасындағы байланыстарды ұғыну формасы, тарихи тәжірибені жеке және ұжымдық деңгейде түсіндіру қабілеті. Ол тарихи білім мен тарихи ойлаудың нәтижесінде қалыптасқанымен, олармен толықтай теңестірілмейді. Тарихи сана адамның тарихи нарративтерге қатынасын, өз орнын тарихи үдерістермен байланыстыра пайымдауын және әлеуметтік жауапкершілігін қамтиды [4]. Осы тұрғыда тарихи сана азаматтық құндылықтардың тұрақты қалыптасуы үшін маңызды, себебі ол тұлғаның қоғамдық тәжірибені тек жеке емес, ұжымдық және тарихи өлшемде түсінуіне мүмкіндік береді.

Аталған ұғымдардың өзара байланысын жүйелі түрде қарастырғанда, тарихи білім беру бастапқы институционалдық орта ретінде әрекет етеді, ол тарихи ойлауды қалыптастыру арқылы тарихи сананың дамуына жағдай жасайды. Ал тарихи сана, өз кезегінде, азаматтық құндылықтардың терең әрі тұрақты деңгейде орнығуына негіз болады. Бұл үдеріс біржақты сипатқа ие емес, себебі азаматтық құндылықтар тарихи білім берудің мазмұны мен бағыттарын қайта пайымдауға да ықпал

етеді. Осылайша, азаматтық құндылықтар, тарихи білім беру, тарихи ойлау және тарихи сана иерархиялық емес, жүйелік байланыстағы категориялар.

Жүргізілген теориялық және салыстырмалы талдау нәтижелері тарихи білім беру мен азаматтық құндылықтардың өзара байланысы шетелдік ғылыми дискурста бірімәнді түсіндірілмейтінін, керісінше әртүрлі теориялық модельдер аясында көпқырлы және кейде қарама-қайшы түрде пайымдалатынын көрсетті. Нәтижелер азаматтық құндылықтардың тарихи білім беруде мазмұндық элемент ретінде емес, көбінесе әдіснамалық бағдар және білім беру үдерісін ұйымдастыру қағидаты ретінде қарастырылатынын айқындайды.

Зерттеу барысында анықталған маңызды нәтижелердің бірі — заманауи шетелдік теорияларда азаматтық құндылықтарды тарихи білім беру мазмұнына тікелей, нормативтік түрде енгізуден бас тарту үрдісінің күшеюімен байланысты. Көптеген авторлар азаматтық құндылықтарды оқушыларға дайын моральдық немесе идеологиялық нормалар ретінде ұсыну тарихи білім берудің ғылыми дербестігіне қауіп төндіретінін атап көрсетеді. Осыған байланысты азаматтық құндылықтар тарихи білім беру үдерісінде тарихи ойлау, сыни пайымдау және интерпретативтік дағдыларды дамыту арқылы жанама түрде қалыптасуы тиіс деген ұстаным кеңінен таралған.

Тағы бір маңызды нәтиже — азаматтық құндылықтардың тарихи білім беруде мақсаттан гөрі нәтиже ретінде қарастырылуымен байланысты. Шетелдік теориялық модельдерде тарихи білім беру алдымен оқушылардың өткенді түсіну, тарихи дереккөздермен жұмыс істеу, әртүрлі интерпретацияларды салыстыру қабілеттерін дамытуға бағытталады. Азаматтық құндылықтар осы танымдық және рефлексивтік үдерістердің нәтижесінде қалыптасады. Бұл тәсіл азаматтықты тұрақты және әмбебап құндылықтар жүйесі ретінде емес, тарихи және әлеуметтік контекстке тәуелді динамикалық құрылым ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Мақала шеңберінде мультимәдени және постұлттық теорияларды талдау азаматтық құндылықтардың біртекті ұлттық мазмұнмен шектелмейтінін көрсетті. Атап өту қажет, қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда азаматтық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі барған сайын мультимәдени және постұлттық теориялар аясында қарастырылуда. Бұл теориялар ұлттық мемлекетке негізделген дәстүрлі азаматтық модельдердің шектеулілігін көрсетіп, тарихи білім берудің мазмұны мен әдістерін қайта пайымдауға негіз болады. Мультимәдени теория қоғамды мәдени, этникалық, діни және әлеуметтік тұрғыдан біртекті емес, көпқұрамды құрылым ретінде түсіндіреді. Бұл теория аясында азаматтық құндылықтар бір ғана «ортақ ұлттық нарративке» негізделмей, әртүрлі әлеуметтік топтардың тарихи тәжірибесін мойындау және тану арқылы қалыптасады. Мультимәдени көзқарас тарихи білім беруде азаматтық құндылықтарды қалыптастыруды дайын нормаларды трансляциялау арқылы емес, әртүрлі тарихи нарративтерді салыстыру, олардың қайшылықтары мен өзара байланысын талдау арқылы жүзеге асырады. Бұл тәсіл білім алушылардың өзге мәдени тәжірибелерге құрметпен қарау, тарихи әділетсіздіктерді тану және қоғамдық диалогқа дайын болу қабілеттерін дамытады.

Ал постұлттық теория азаматтықты тек ұлттық мемлекет шеңберінде түсіндіру жеткіліксіз деген ұстанымға негізделеді. Бұл теория жаһандану, көші-қон, трансұлттық байланыстар және әмбебап адам құқықтарының күшеюі жағдайында азаматтық сәйкестіліктің жаңа формалары қалыптасып жатқанын көрсетеді. Постұлттық тұрғыда азаматтық құндылықтар ұлттық тарихпен ғана емес, жаһандық тарихи үдерістермен, трансұлттық тәжірибелермен және ортақ адамзаттық мәселелермен байланыста қарастырылады.

Қазіргі уақытта цифрлық медиакөңістіктің кеңеюіне байланысты алынған нәтижелер тарихи білім берудің жаңа проблемалық аймақтарын көрсетті. Қазіргі білім алушылар тарихи білімді тек формалды білім беру жүйесінде ғана емес, әлеуметтік желілер мен онлайн-платформалар арқылы да меңгереді. Бұл жағдай тарихи нарративтердің сапасы мен сенімділігіне қатысты тәуекелдерді арттырады. Зерттеу нәтижелері тарихи ойлау дағдыларын дамыту азаматтық құндылықтарды цифрлық ортада қорғаудың маңызды құралына айналып отырғанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері тарихи білім беру үдерісінде азаматтық құндылықтарды қалыптастыруға қатысты нормативтік және сыни тәсілдердің мазмұны мен функциялары арасында принципті айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Бұл айырмашылықтар азаматтық құндылықтардың қалай түсіндірілетініне ғана емес, оларды тарихи білім беру мазмұны мен әдістеріне енгізу тәсілдеріне де тікелей әсер етеді. Біріншіден, нормативтік тәсіл жағдайында азаматтық құндылықтар алдын ала анықталған және тұрақты нормалар жүйесі ретінде қарастырылатыны анықталды. Бұл тәсілде тарихи білім беру көбінесе өткенді біржақты интерпретациялау арқылы белгілі бір азаматтық мінез-құлық

үлгілерін бекітуге бағытталады. Нәтижесінде тарихты оқыту үдерісі білім алушылардың сыни рефлексиясын дамытуға емес, дайын бағалаулар мен тұжырымдарды қабылдауға бағдарланады. Мұндай жағдайда азаматтық құндылықтар сыртқы талап ретінде қабылданып, тұлғаның ішкі дүниетанымымен әрдайым үйлесе бермейді. Екіншіден, сыни зерттеу тәсілінің азаматтық құндылықтарды қалыптастыруда анағұрлым өнімді екенін көрсетті. Сыни тәсіл тарихи білімді интерпретациялық және көпмәнді таным саласы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда азаматтық құндылықтар дайын күйінде берілмей, тарихи ойлау дағдыларын дамыту барысында біртіндеп қалыптасады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері азаматтық құндылықтарды қалыптастырудың ең тиімді жолы оларды тарихи білім беру мазмұнына тікелей енгізу емес, тарихи ойлау мен тарихи сананы дамытуға бағытталған оқыту стратегияларын қолдану екенін көрсетті. Өйткені, мұндай тәсіл азаматтық құндылықтардың терең, саналы және тұрақты қалыптасуына жағдай жасайды.

Талқылау

Атап өту қажет, тарихи білім беру мен азаматтық құндылықтар мәселесінің тарихнамасы бірнеше теориялық кезеңдерден өтеді және бұл эволюция азаматтықты ұғынудың өзгеруімен, тарих ғылымының әдіснамалық дамуы және білім берудің қоғамдық функциялары туралы түсініктердің тереңдеуімен тікелей байланысты. Ерте кезеңдегі еңбектерде азаматтық құндылықтар тарихи білім беру арқылы берілетін тұрақты моральдық және саяси нормалар ретінде қарастырылса, қазіргі зерттеулерде олар тарихи ойлау мен әлеуметтік тәжірибе арқылы қалыптасатын динамикалық категория ретінде түсіндіріледі [5; 21], [6; 33]. Атап айтқанда, XX ғ. білім философиясының іргелі әрі классикалық туындыларының бірі болып табылатын «Democracy and Education: An Introduction to the Philosophy of Education» аталатын зерттеудің авторы демократияны тек саяси институттар жүйесі ретінде емес, әлеуметтік тәжірибені бірлесе ұйымдастыру формасы ретінде түсіндіреді. Автордың пікірінше, азаматтық құндылықтарды тұрақты моральдық нормалар ретінде емес, тәжірибе барысында қалыптасатын және өзгертін бағдарлар ретінде қарастыру керек.

XX ғ. бірінші жартысындағы классикалық еңбектерде тарихи білім беру азаматтық тәрбиенің нормативтік құралы ретінде қарастырылды. Бұл кезеңде тарихты оқытудың негізгі мақсаты ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, мемлекетке адалдық пен азаматтық борыш сезімін нығайту болды. Мысалы, John Dewey еңбектерінде білім беру демократиялық қоғамның тірегі ретінде қарастырылып, тарих әлеуметтік тәжірибені ұғынудың құралы ретінде сипатталды [5; 87]. Дегенмен, бұл кезеңде азаматтық құндылықтар көбіне қоғамға бейімделу және әлеуметтік тәртіпті сақтау тұрғысынан түсіндірілді. Ал XX ғ. ортасында азаматтық құндылықтарды тарихи білім беру арқылы қалыптастыру мәселесі әлеуметтік ғылымдардағы интерпретативтік және мәдени бағыттардың ықпалымен күрделене түсті. Бұл кезеңде тарихты оқыту біржақты ұлттық нарративтен біртіндеп алыстап, тарихи сананың қалыптасуына назар аудара бастады. Джер Брунер білім берудің құрылымдық теориясында тарихты оқыту оқушының ойлау қабілетін дамыту құралы ретінде қарастырылды, ал азаматтық құндылықтар осы ойлау үдерісінің жанама нәтижесі ретінде түсіндірілді [6; 52], [7; 41–46]. Бұл тарихнамада азаматтықты тікелей тәрбиелеуден гөрі, тарихи танымға басымдық берудің бастамасы болды.

XX ғ. екінші жартысында сыни теория мен әлеуметтік философияның ықпалымен тарихи білім беру мен азаматтық құндылықтар арасындағы байланыс жаңа қырынан қарастырыла бастады. Юрген Хабермас еңбектері азаматтықты қоғамдық дискурсқа қатысу қабілеті арқылы түсіндіруге негіз қалады [8; 287]. Бұл идея тарихнамалық тұрғыда тарихи білім беруді пікірталас, интерпретация және мағыналық келісім алаңы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Осы кезеңде азаматтық құндылықтар тарихи ақиқаттарды қабылдаудан емес, оларды талқылау және сыни пайымдау арқылы қалыптасады деген көзқарас орнықты. Ал XX ғ. соңғы онжылдықтарында тарихнаманың маңызды бағыты ретінде мультикультурализм мен тарихи нарративтердің плюрализациясы қалыптасты. Бұл кезеңде тарихи білім беру ұлттық бірегейлікті бекітудің құралы ретінде ғана емес, әртүрлі әлеуметтік және мәдени топтардың тарихи тәжірибесін танытудың алаңы ретінде түсіндірілді [9; 112]. Яғни, азаматтық құндылықтар теңдік, инклюзия және мәдени әртүрлілікті мойындау қағидаттарымен байланыстырылды.

Қазіргі кезеңде тарихи ойлау тұжырымдамасы орталық орынға ие болды. Бұл бағытта тарихи білім беру азаматтық құндылықтарды тікелей үйрету емес, тарихи ойлау дағдыларын — дереккөздерді талдау, себеп–салдарлық байланыстарды түсіну, тарихи интерпретациялардың

шарттылығын мойындау — дамыту арқылы азаматтық пайымдауды қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады [10; 60–64]. Бұл тәсіл тарихи білімнің ғылыми автономиясын сақтауға және оны саяси немесе идеологиялық құралға айналдыру қаупін төмендетуге бағытталды.

Соңғы жылдардағы тарихнамалық еңбектерде тарихи білім беру цифрлық қоғам жағдайында қайта пайымдалуда. Тарихи нарративтердің әлеуметтік желілер мен медиакеңістікте кең таралуы азаматтық құндылықтарды қалыптастыруда жаңа сын-қатерлер туындатты. Осыған байланысты тарихнамада тарихи ойлау мен дереккөздік сауаттылық азаматтық төзімділіктің негізгі компоненттері ретінде қарастырылады [11; 138]. Осылайша, тақырыптың тарихнамасы азаматтық құндылықтардың тарихи білім беру арқылы қалыптасуын қарапайым тәрбиелік модельден күрделі, көпдеңгейлі және рефлексивтік үдеріс ретінде түсіндіруге дейінгі ұзақ теориялық эволюцияны көрсетеді.

Жалпы алғанда, азаматтық құндылықтар мәселесін қарастыратын халықаралық құжаттар да бар. Солардың қатарында Еуропа кеңесінің 2018 ж. «Reference Framework of Competences for Democratic Culture» (RFCDC) [12] деп аталатын құжат азаматтық құндылықтарды құзыреттер жүйесі ретінде модельдейді. Азаматтық мұнда моральдық ұстанымдар жиынтығы емес, білім (knowledge), дағды (skills), көзқарас (attitudes) және құндылықтар (values) өзара байланысқан кешен ретінде қарастырылады. Құжаттың басты артықшылығы — азаматтықты демократиялық мәдениетке қатысу қабілеті ретінде түсіндіруімен байланысты. Құжатқа сәйкес тарих пәні азаматтық құзыреттерді қалыптастырудың бір ресурсы ретінде ғана қарастырылады. Ал ЮНЕСКО-ның 2015 ж. қабылданған «Global Citizenship Education: Topics and Learning Objectives» [13] аталатын тұжырымдамасында азаматтықты ұлттық шеңберден шығарып, жаһандық жауапкершілікпен байланыстырады. Құжатта азаматтық құндылықтар адам құқықтары, тұрақты даму, бейбітшілік, мәдени әртүрлілік және әлеуметтік әділеттілік сияқты әмбебап ұстанымдармен тікелей ұштастырылады. Бұл модельдің күшті жағы — азаматтықты постұлттық және трансұлттық деңгейде пайымдаумен байланысты. Экономикалық ынтмақтастық және даму ұйымының 2018 ж. қабылданған «Global Competence Framework» [14] атты құжаты азаматтық құндылықтарды өлшенетін және бағаланатын дағдылар жүйесі ретінде қарастыруымен ерекшеленеді. Бұл құжатта азаматтық жаһандық мәселелерді түсіну, мәдени айырмашылықтармен өзара әрекеттесу және жауапты шешім қабылдау қабілеттерімен байланыстырылған.

Қазіргі кезеңдегі жаңа бағыттарға келер болсақ, зерттеуші Герт Биеста өз азаматтық құндылықтарды қалыптастыру мәселесін қарастыра келе, азаматтықты алдын ала анықталған мінез-құлық стандарттары немесе құзыреттер жиынтығы ретінде емес, тұлғаның қоғамдық кеңістікте жауапкершілікпен әрекет ету қабілеті ретінде түсіндіреді. Осы тұрғыда азаматтық құндылықтарды тікелей «қалыптастыру» немесе «үйрету» әрекеттері, автордың пайымдауынша, демократиялық тәрбиенің мәніне қайшы келеді, себебі олар білім алушыны белсенді субъект емес, педагогикалық ықпал нысанына айналдырады [15]. Келесі авторлар, Р.Бруно-Жофре мен Г. Жовер өз зерттеуінде демократия мен білім беру арасындағы байланысты нормативтік идеал ретінде емес, тарихи және саяси тұрғыдан қалыптасқан проблемалық қатынас ретінде талдайды. Авторлар білім беру теориясында кең тараған «демократия автоматты түрде демократиялық азаматты қалыптастырады» деген ұстанымды сыни тұрғыдан қайта қарастырады. Аталған авторлар демократиялық білім берудің баламалы моделін ұсынады. Бұл модельде азаматтық құндылықтар алдын ала анықталған мақсат емес, білім беру үдерісінің өзінде пайда болатын тәжірибелік нәтиже ретінде қарастырылады және демократияны институттар жиынтығы емес, үздіксіз жүріп отыратын қоғамдық тәжірибе деп түсіндіреді. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру демократиялық болуы үшін ол пікірталасқа, келіспеушілікке және көпмәнді интерпретацияларға ашық болуы тиіс. Жалпы алғанда, Р. Бруно-Жофре мен Г. Жовер азаматтық құндылықтарды білім беру арқылы қалыптастыру мәселесіне қатысты нормативтік тәсілдің шектеулерін айқын көрсетіп, тарихи білім беруде сыни ойлау, интерпретациялық ашықтық және ғылыми автономия сақталуы тиіс екенін теориялық тұрғыда негіздейді [16; 240].

Француз ғалымы Н. Тутио-Гийон өз мақаласында Франциядағы тарихты оқыту тәжірибесін талдай отырып, тарихи білім беру мен азаматтық құндылықтар арасындағы байланыстың қайшылықты және көпқабатты сипатын ашады. Автор тарих пәні дәстүрлі түрде республикалық азаматты қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылғанымен, қазіргі жағдайда бұл функцияның барған сайын проблемалық сипат алып отырғанын көрсетеді. Оның пікірінше, тарихи білім беру азаматтық құндылықтарды бекіту емес, тарихи пайымдау мәдениетін дамытуы тиіс және бұл тарихи дереккөздермен жұмыс, интерпретациялардың көптүрлілігін талдау және тарихи

қақтығыстарды ашық талқылау арқылы жүзеге асады. Автордың көзқарасы бойынша, осындай тәсіл ғана тарих пәнін идеологиялық қысымнан қорғап, оның ғылыми сипатын сақтауға мүмкіндік береді [17; 161]. Т. Эпштейн мен А. Сегалл тарих пен қоғамтану пәндерінде даулы тақырыптардан «қашу» немесе оларды «бейтарап» түрде жұмсарту кең таралғанын атап көрсетеді, алайда мұндай тәжірибе азаматтық тұрғыдан қауіпті деп бағаланатынын көрсетеді. Атап айтқанда, авторлар даулы мәселелерді оқытудан бас тарту азаматтық бейтараптықты емес, жасырын нормативтілікті күшейтетіндігін және тарихты оқытуда «қақтығыстарды айналып өту» оқушыларды қоғамдық келіспеушіліктерді түсінуге емес, олардан қашуға үйрететінін ескереді [18]. Келесі бір зерттеушілер — М. Отто және М. Шульце жаһандық азаматтық ұғымын тарихи сана теориясы тұрғысынан қарастырады. Авторлар жаһандану үдерістерінің күшеюі, трансұлттық әлеуметтік байланыстар мен көші-қон ауқымының кеңеюі жағдайында азаматтықты тек ұлттық мемлекет шеңберінде түсіндірудің жеткіліксіз екенін негіздейді. Осыған байланысты олар тарихи білім берудің азаматтық функциясын постұлттық контексте қайта пайымдауды ұсынады, сонымен бірге олар тарихи сананы дамытуға негізделген тәсілді ұсынады. Бұл тәсіл тарихи дереккөздерді талдау, салыстырмалы тарихи зерттеу және әртүрлі тарихи нарративтерді интерпретациялау арқылы жүзеге асады және авторлардың пікірінше, дәл осы әдіс тарихи білім берудің ғылыми автономиясын сақтауға мүмкіндік беріп, азаматтық құндылықтардың рефлексивтік және саналы түрде қалыптасуына жағдай жасайды [19; 24].

Келесі бір зерттеушілер тобы — Ф. Альвеннің [20], Л.Р. Халверсонның [21] және С. Барштың [22] көзқарастары бойынша азаматтық құндылықтарды тарихи білім беру арқылы қалыптастырудың тиімді жолы — оларды тікелей бекіту емес, тарихи ойлау, даулы мәселелерді талдау және интерпретациялық мәдениетті дамыту екенін көрсетеді. Бұл авторлардың еңбектері тарихи білім беруді азаматтық әлеуеті бар, бірақ идеологиялық қысымнан тәуелсіз ғылыми сала ретінде қарастыру қажеттігін теориялық тұрғыда негіздейді.

Жалпы алғанда, шетелдік авторлардың көзқарастарын салыстырмалы талдау азаматтық құндылықтарды тарихи білім беру арқылы қалыптастырудың тиімділігі оларды тікелей бекітуде емес, тарихи ойлау, тарихи сана және интерпретациялық мәдениетті дамытуда екенін көрсетеді. Осылайша, шетелдік тәжірибеде азаматтық құндылықтарды тарих пәні арқылы қалыптастыру туралы бірқатар теориялық көзқарастар қалыптасқанын көруімізге болады. Дегенмен, шетелдік ғалымдардың тарихи және азаматтық білім беру саласындағы тұжырымдарын әмбебап үлгі ретінде қабылдауға болмайды. Өйткені, бұл пікірлер ұлттық тарихи тәжірибе мен білім беру дәстүрлерінен тыс қалыптасқандықтан, оларды сыни тұрғыдан талдап, нақты әлеуметтік-мәдени контекстке бейімдеу қажет. Мұндай сыни ұстаным болмаған жағдайда, тарихи білім беру мазмұнының сыртқы теориялық модельдерге тәуелділігі күшейіп, тарихи білімнің ғылыми дербестігіне қауіп төнуі мүмкін.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу тарихи білім беру мен азаматтық құндылықтар арасындағы байланыстың біртүрлі және әмбебап модель арқылы түсіндірілмейтінін көрсетті. Шетелдік ғылыми дискурста бұл байланыс әртүрлі теориялық парадигмалар аясында пайымдалып, азаматтықтың мазмұны тарихи, әлеуметтік және мәдени контекстке тәуелді динамикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи білім берудің азаматтық әлеуеті оның мазмұндық-идеологиялық бағыттылығымен емес, қолданылатын әдіснамалық ұстанымдарымен айқындалады. Зерттеу нәтижелері азаматтық құндылықтарды тарихи білім беру мазмұнына тікелей, нормативтік түрде енгізу тәсілдерінің шектеулі екенін көрсетеді. Мұндай тәсілдер тарихи білімнің интерпретациялық табиғатын әлсіретіп, оны дайын бағалауларды трансляциялау құралына айналдыру қаупін тудырады. Керісінше, тарихи ойлау мен тарихи сананы дамытуға негізделген тәсілдер азаматтық құндылықтардың тұлғаның ішкі дүниетанымында саналы әрі тұрақты түрде қалыптасуына жағдай жасайды.

Шетелдік авторлардың еңбектерін салыстырмалы талдау азаматтық құндылықтардың тарихи білім беруде мақсат емес, оқыту үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырылуы тиімді екенін айқындайды. Бұл жағдайда тарих пәні азаматтық ұстанымдарды бекітудің құралы емес, өткенді сыни тұрғыдан ұғынуға, әртүрлі тарихи нарративтерді салыстыруға және қоғамдық пікірталасқа қатысуға мүмкіндік беретін танымдық кеңістік ретінде көрінеді. Осындай тәсіл тарихи білімнің ғылыми автономиясын сақтаумен қатар, азаматтықтың рефлексивтік сипатын қамтамасыз етеді.

Мультимәдени және постұлттық теориялар азаматтық құндылықтарды тек ұлттық бірегейлікпен шектеу қазіргі қоғам жағдайында жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бұл бағыттар тарихи білім беруді

мәдени әртүрлілікті, жаһандық өзара байланыстарды және тарихи жауапкершілікті түсіндірудің маңызды алаңы ретінде қайта пайымдауға негіз болады. Алайда мұндай теорияларды ұлттық білім беру жүйесіне енгізу оларды механикалық көшіруді емес, сыни бейімдеуді талап етеді.

Жалпы алғанда, зерттеу тарихи білім берудің азаматтық әлеуеті оның идеологиялық мазмұнымен емес, тарихи ойлау, дереккөздік талдау және интерпретациялық мәдениетті дамытуға бағытталған әдіснамалық стратегияларымен анықталатынын дәлелдейді. Бұл тұжырым ұлттық білім беру контексінде шетелдік теориялық үлгілерді сыни тұрғыдан пайдалану қажеттігін негіздеп, тарихи білім беруді азаматтық құндылықтарды қалыптастырудың ғылыми және рефлексивтік алаңы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Banks, J.A. (2008). *Diversity and Citizenship Education: Global Perspectives*. San Francisco: Jossey-Bass.
2. Seixas, P., & Morton, T. (2013). *The Big Six Historical Thinking Concepts*. Toronto: Nelson Education.
3. Lévesque, S. (2008). *Thinking Historically: Educating Students for the Twenty-First Century*. Toronto: University of Toronto Press.
4. Assmann, A. (1992). *Das kulturelle Gedächtnis: Schrift, Erinnerung und politische Identität in frühen Hochkulturen* [Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination]. München: C.H. Beck [in German].
5. Dewey, J. (1916). *Democracy and Education: An Introduction to the Philosophy of Education*. New York: Macmillan.
6. Bruner, J. (1960). *The Process of Education*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
7. Bruner, J. (1996). *The Culture of Education*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
8. Habermas, J. (1996). *Between Facts and Norms: Contributions to a Discourse Theory of Law and Democracy*. Cambridge, MA: MIT Press.
9. Barton, K.C., & Levstik L. S. (2019). *Teaching History for the Common Good*. (2nd ed.). New York: Routledge.
10. Seixas, P. (2017). *Historical Consciousness and Historical Thinking*. *Palgrave Handbook of Research in Historical Culture and Education*. London: Palgrave Macmillan, 59–72.
11. Carretero, M., van Alphen, F. (2014). History, Collective Memory, and National Identities. *Memory Studies*, 7, 2, 136–150.
12. (2018). Council of Europe. *Reference Framework of Competences for Democratic Culture. Vol. 1: Context, Concepts and Model*. Strasbourg: Council of Europe Publishing.
13. (2015). UNESCO. *Global Citizenship Education: Topics and Learning Objectives*. Paris: UNESCO.
14. (2018). OECD. *Global Competence Framework* Paris: OECD Publishing.
15. Biesta, G. (2017). *The Rediscovery of Teaching*. London: Routledge.
16. Bruno-Jofré, R., & Jover, G. (2019). Democracy and Education: A Critical Analysis. *Educational Philosophy and Theory*, 51, 3, 239–250.
17. Tutiaux-Guillon, N. (2018). Teaching History in France: Issues and Debates. *Journal of Curriculum Studies*, 50, 2, 161–176.
18. Epstein, T., & Segall, A. (2018). Teaching about Controversial Issues in a Polarized Society. *Theory & Research in Social Education*, 46, 2, 161–198.
19. Otto, M., & Schulze, M. (2020). Global Citizenship and Historical Consciousness. *History Education Research Journal*, 17, 1, 23–37.
20. Alvé, F. (2024). Controversial issues in history teaching. *Journal of Curriculum Studies*, 56, 2, 234–250.
21. Halverson L.R. (2024). Teaching civics: An overview of instructional strategies and approaches. *The Journal of Social Studies Research*, 48, 3, 245–259.
22. Barsch, S. (2025). Historical thinking, historical knowledge and ideas about the future. *Journal of Curriculum Studies*, 57, 1, 1–17.

А. Бауржан, С.К. Қабылтаева, К.Б. Болатова

Гражданские ценности в историческом образовании: теоретико-методологический анализ западных концепций

Статья посвящена теоретико-методологическому анализу зарубежных подходов к осмыслению гражданских ценностей в системе исторического образования. Актуальность исследования определяется возрастанием роли ценностного компонента в образовательных практиках в условиях глобализации, культурного плюрализма и трансформации моделей гражданственности в современном обществе. В этих условиях историческое образование всё чаще рассматривается не только как область трансляции знаний о прошлом, но и как пространство формирования гражданской идентичности, критического

отношения к социальному опыту и готовности к участию в общественной жизни. В статье рассматриваются основные теоретические направления, в рамках которых гражданские ценности интерпретируются как значимая категория исторического образования в зарубежной научной традиции. Анализ охватывает либерально-демократические, республиканские, критико-теоретические, мультикультурные и компетентностные модели, отражающие различные представления о соотношении исторического знания, гражданского воспитания и образовательной практики. Особое внимание уделяется различиям между нормативными и критическими подходами к формированию гражданских ценностей, а также способам их концептуального включения в содержание и методы преподавания истории. Показано, что в современных зарубежных теориях наблюдается тенденция к отказу от жёстко заданных ценностных установок в пользу развития исторического мышления, рефлексии, способности к интерпретации прошлого и участия в публичном дискурсе. Гражданские ценности всё чаще понимаются как результат осмысленного взаимодействия обучающихся с историческими нарративами, источниками и социальными контекстами, а не как совокупность заранее заданных норм. Авторы данной статьи обосновывают положение о том, что гражданские ценности в историческом образовании выступают в качестве методологического ориентира, влияющего на отбор содержания, структуру учебных курсов и педагогические стратегии. Авторы подчёркивают значимость критического осмысления зарубежного опыта и необходимость его адаптации к национальным образовательным условиям с учётом рисков идеологизации исторического знания.

Ключевые слова: историческое образование, гражданские ценности, гражданское сознание, историческое мышление, гражданское воспитание, историческое сознание, демократическое образование, критические подходы, зарубежные подходы.

A. Baurzhan, S.K. Kabylytayeva, K.B. Bolatova

Civic Values in History Education: A Theoretical and Methodological Analysis of Western Concepts

The article is devoted to a theoretical and methodological analysis of foreign approaches to understanding civic values within the system of historical education. The relevance of the study is determined by the increasing role of the value-based dimension in educational practices under the conditions of globalization, cultural pluralism, and the transformation of models of citizenship in contemporary society. In this context, historical education is increasingly viewed not only as a field for transmitting knowledge about the past, but also as a space for the formation of civic identity, the development of a critical attitude toward social experience, and readiness for participation in public life. The article examines the main theoretical directions within the foreign scholarly tradition in which civic values are interpreted as a significant category of historical education. The analysis encompasses liberal-democratic, republican, critical-theoretical, multicultural, and competence-based models that reflect different understandings of the relationship between historical knowledge, civic education, and educational practice. Particular attention is paid to the differences between normative and critical approaches to the formation of civic values, as well as to the ways in which these values are conceptually integrated into the content and methods of history teaching. It is demonstrated that contemporary foreign theories show a tendency to move away from rigidly prescribed value frameworks in favor of developing historical thinking, reflexivity, the ability to interpret the past, and participation in public discourse. Civic values are increasingly understood not as a set of predetermined norms, but as the outcome of learners' meaningful engagement with historical narratives, sources, and social contexts. The article substantiates the position that civic values in historical education function primarily as a methodological guideline influencing the selection of content, the structure of curricula, and pedagogical strategies. The authors emphasize the importance of critically reflecting on foreign experience and adapting it to national educational contexts, considering the risks of ideological instrumentalization of historical knowledge.

Keywords: historical education, civic values, civic consciousness, historical thinking, citizenship education, historical consciousness, democratic education, critical approaches, foreign approaches.

Авторлар туралы мәліметтер

Бауржан Айгерим — PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0009-0768-5966>

Қабылтайева Самал — PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0008-8409-2171>

Болатова Каламкас — т.ғ.к., Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-9224-9596>

Information about the authors

Baurzhan Aigerim — PhD student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan; <https://orcid.org/0009-0009-0768-5966>

Kabytayeva Samal — PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; <https://orcid.org/0009-0008-8409-2171>

Bolatova Kalamkas — Candidate of Historical Sciences, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0002-9224-9596>